



**«Астана медицина университеті»
АҚ Басқармасының шешімімен
бекітілген
«__» _____ 2012ж №__**

ТҰЖЫРЫМДАМА

МЕНЕДЖМЕНТТІҢ ИНТЕГРАЦИЯЛАНҒАН ЖҮЙЕСІ

«АСТАНА МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» АҚ-ТЫҢ ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫ ЖӨНІНДЕГІ ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ

Т-АстМУ-01-12

Астана қаласы



Мазмұны

1	Жалпы ережелер	3
2	Негізгі бөлім	3
2.1	Тәрбие жұмысының мақсаты мен міндеттері	3
2.2	Тәрбие жұмысының принциптері	3
2.3	Тәрбие жұмысының негізгі бағыттары	4
2.4	Маман тұлғасының моделі	8
2.5	Тәрбие жұмысының міндеттерін жүзеге асыру шарттары	8
2.6	Тұжырымдаманың даму перспективалары	10
3	Қайта қарау, өзгерістер енгізу, сақтау және тарату	10
	Келісу парағы	12
	Өзгерістерді тіркеу парағы	13
	Танысу парағы	14



1 ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1 Бұл Тәрбие жұмысы тұжырымдамасы «Астана медицина университеті» АҚ (бұдан әрі- Университет) студенттерінің тұлға ретінде қалыптасу процесіне ЖОО-ның белсенді қатысуына бағдарланған.

1.2 Тәрбие жұмысы тұжырымдамасы Қазақстан Республикасының «Білім туралы», «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жастар саясаты туралы», «Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері туралы», «Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы» заңдарының және басқа да нормативтік құжаттардың негізінде әзірленді.

1.3 Тұжырымдамада студенттермен жүргізілетін тәрбие жұмысының кешенді тәсілдері мәселесі қарастырылады, тәрбие жұмысының негізгі мақсаттары, міндеттері, принциптері мен бағыттары, осы жұмысты жетілдіру жолдары мен студенттердің оқуды бітіргенге дейінгі кезеңінде тәрбие процесін жүзеге асыру бойынша жүргізілетін негізгі шаралар анықталған.

1.4 Университет Тұжырымдамасы еңбек нарығында сұранысқа ие, өз ісінің шебері болатын маман даярлауды ғана емес, Қазақстанның моральдік принциптері, мәдениеті жоғары тұлғасын, саяси сауатты, рухани жан-дүниесі бай элитасын қалыптастыруды міндет етіп қояды.

1.5 Университет студенттің жақсы қасиеттерін жүзеге асыруға көмектеседі: қоғамда белсенді орынды иеленуге ұмтылу, мақсатқа жету жолында табандылық көрсету, жұмыс істеуге деген құлшыныс.

1.6 Тұжырымдама Университет Басқармасының шешімімен бекітіледі.

2 НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1 Тұжырымдаманың мақсаты мен міндеттері

2.1.1 **Мақсаты:** студенттердің кәсіби және әлеуметтік құзыреттілігін, азаматтық белсенді көзқарасын қалыптастыру үшін жағдай жасау, болашақ мамандардың жаңа әлеуметтік-экономикалық жағдайда Отанның дамуы мен нығаюы үшін өз үлесін қосуға дайын жеке қасиеттерін қалыптастыруға жәрдемдесу.

2.1.2 Алға қойылған мақсатқа келесі мәселелерді сәтті шешу арқылы қол жеткіземіз:

- студенттерді азаматтық және саяси белсенді өмірге тарту;
- денсаулық сақтау саласында жоғары білікті маманның жеке қасиеттерін қалыптастыру;
- ұтқырлықты, бәсекеге қабілеттілікті, бағдардың позитивті құндылықтарын, шығармашылық белсенділікті дамыту;
- студенттер арасында корпоративтік рухты және университеттің позитивті имиджін қалыптастыру;
- студенттерді құқықтық тұрғыдан тәрбиелеу;
- әлеуметтік-мәдени бірыңғай орта құру;
- саламатты өмір салты туралы ғылыми көзқарас қалыптастыру, өзін-өзі рухани және физикалық тұрғыдан жетілдіру машықтары мен іскерліктеріне баулу;
- студенттер, оқытушы-профессорлар құрамы, Университет басшылығы арасында тікелей кері байланысты дамыту.

2.2 Тәрбие жұмысының принциптері

2.2.1 Ізгілендіру принципі студенттің жеке басын мойындауға; оның бірегейлігі мен өзгешелігін сыйлауға негізделген.

2.2.2 Кәсіби бағыт принципі – болашақ мамандардың кәсіптік қоғамдастықтың этикалық нормаларын меңгеруін, өзінің кәсіптік қызметінің нәтижелеріне деген жауапкершілікті қалыптастыруды, кәсіптік бейімділігін, дарынын, арнайы қабілеттерін дамытуға жәрдемдесу мәселелерін ескереді.



2.2.3 Тәрбиелеу арқылы оқыту принципі – студенттерді тұлға ретінде дамыту, өзін-өзі қалыптастыруға, өзін-өзі дамытуға деген оң мотивацияны қалыптастыру, сондай-ақ оқудан тыс шығармашылық-практикалық қызметке бағдарлау мақсатында негізгі, қосымша білім беру бағдарламаларында көрсетілген оқу пәндерінің тәрбиелік әлеуетін пайдалануды көздейді.

2.2.4 Демократияландыру принципі – тәрбие жұмысында субъектілердің теңдігін және әлеуметтік серіктестікті, студенттік өзін-өзі басқару жүйесінің болуын, жұмыс істеуін және оның Университеттің әкімшілік-басқарушы құрылымдарымен тиімді қарым-қатынас жасау механизмін қарастырады.

2.2.5 Ынталандыру принципі – студенттерді оқуда, ғылыми, шығармашылық, спорт, қоғамдық және басқа да қызмет түрлерінде көрсеткен жетістіктері үшін моральдық, материалдық тұрғыдан көтермелеуге негізделген.

2.3 Тәрбие жұмысының негізгі бағыттары

2.3.1 Кәсіптік тәрбие. Университеттің негізгі тәрбиелік ресурсы – білім беру процесі. Оның басты субъектісі – оқытушы. Ол студенттермен қарым-қатынас жасау процесінде білім берумен қатар тәрбиелеу ісін қоса атқаруы керек. Атап айтқанда,:

- мамандарды даярлауды іргелі терең білім негізінде жүзеге асыру. Университет студенттерін тиімді оқыту мен тәрбиелеудің негізгі қағидалары – жалпы ғылыми және жалпы мәдени компоненттер енетін іргелі білім беру;

- ойлау қабілетін дамыту – сұрақты қоя білу, оны түсіндіру, ол үшін қажетті шараларды орындау, дұрыс пайымдай білу;

- студенттерде орындайтын жұмыстың негізгі мақсатын анықтау; жағдайды талдау және шешім шығару; жаңа мәселелер қою және дәстүрлі жағдаятта мәселелерді көре білу; зерттеу жұмыстарын шешудің негізгі әдістемелерін меңгеру сияқты шығармашылық қызмет шеберліктерін қалыптастыру;

- студенттер ортасында білімді меңгеруге деген өзара талапшылдықты қалыптастыру; болашақ жас мамандардың шығармашылық белсенділігінің маңызды шарты болып табылатын кәсібінің негізін тануға деген қызығушылығын ояту; студенттердің күнделікті өмірінде танымдық қызметінің мәртебесін арттыру;

- білім алушыларда оқытудың қосымша түрлері мен өзін-өзі дамыту, шығармашылық ізденіске ұмтылу, өзінің іскерлік мүмкіндіктеріне деген сенімділіктің есебінен кәсіби деңгейін үнемі арттыруға деген ішкі талпынысын тудыру; кәсіби тұрғыдан зейін, түйсік, ес, ойлау, шығармашылық ойлау сияқты когнитивтік қабілеттерін дамыту.

2.3.2 Азаматтық-патриоттық бағыт: жастар арасында саяси сыңаржақ идеяларға жол бермейтін қоғамдық-саяси сауатты, көпұлтты Қазақстанда тұрып жатқан халықтардың дәстүріне, мәдениетіне, өнері мен дініне құрметпен қарайтын, толерантты, мемлекеттік саясатты қолдайтын жастарды тәрбиелеу. Университеттегі патриоттық тәрбие студенттерде патриоттық жоғары сезімді, өз Отанына деген сүйіспеншілік сезімін, Қазақстан Республикасы азаматының конституциялық міндеттерін орындауға даярлығын қалыптастыру мақсатындағы шараларды жүйелі түрде жүзеге асыруға бағытталуы тиіс.

2.3.3 Әлеуметтік бағыт. Студенттермен жүргізілетін тәрбие жұмысының басым бағыттарының бірі – әлеуметтік білікті маман қалыптастыру. Болашақ маманның әлеуметтік біліктілігі – бұл адамның түрлі әлеуметтік рөлдерді жемісті орындау арқылы қоғаммен интеграциялануын қамтамасыз ететін тұлғаның жеке қасиетінің, қабілетінің, әлеуметтік білім мен іскерліктерінің жиынтығы. Біздіңше, бұл салада тәрбие жұмысының студенттердің мүддесін ескере отырып ұйымдастырылатын түрлі формалары тиімді болмақ. Студенттермен әлеуметтік біліктілікті қалыптастыру бойынша ұйымдастырылатын жеке тәрбие жұмысының стратегиясын студенттік өмірдің әдеттегі күйзелістерін ескере отырып құруға болады. Олардың ішінде біздің қызығушылығымызды тудыратындары:

- бірінші курс студентінің бейімделу күйзелісі;



- мамандығы бойынша жұмысқа орналасуға немесе қайта біліктіліктен өтуге байланысты кәсіптік бейімделу дағдарысы;

- отбасын құру, үйлену (тұрмысқа шығу), ата-ана болуға (отбасылық өмірін жоспарлау, балалы болуға дайындалу) қатысты күйзелістер;

- мансапты жоспарлауға, жұмыс орнын іздестіруге байланысты еңбекке қабілеттілік (IV және V курстар) күйзелісі.

2.3.3.1 Тәрбие жұмысын ұйымдастыру кезінде студенттің жеке басының психологиялық ерекшеліктерін ескеру, тұлғаның жалпы бағыты туралы хабардар болу керек және осылардың негізінде студентке оқудан тыс жұмыстардың барынша оңтайлы түрлерін анықтауға, қарым-қатынас жасайтын ортасын табуға, жеке басының және кәсіби тұрғыда өсу тұжырымдамасын құруға көмектесу қажет. Университетте студенттердің өмірде әлеуметтік негізгі функцияларын орындауға деген даярлығын қалыптастыруға жәрдемдесетін тәрбие жұмысын жетілдіру шараларына мыналар жатады:

- студенттерді белгілі бір қызмет түріне даярлауды мақсат етіп алған үйірмелер мен клубтар жүйесін кеңейту: кәсіби-еңбек қызметі; отбасын құру, азаматтық функцияларын орындау және Университет түлектері болашақта өмір сүретін қоғамды жетілдіруге атсалысу;

- студенттердің әлеуметтік біліктілігін қалыптастыру жөніндегі клубтар мен оқудан тыс ұйымдардың қызметі туралы ақпараттандырылуын қамтамасыз ету.

2.3.3.2 Университеттегі тәрбие ісі саласында әлеуметтік біліктілікті қалыптастыру жөнінде ұсынылып отырған шараларды жүзеге асыру үшін білім алушыларға психологиялық қызметті ұйымдастыру қажет. Соңғы кездері психологиялық қызмет тәрбие жұмыстарын шешуде үстем орынға ие болып келеді. Себебі:

- білім сапасы даму, өз бетінше жүзеге асыру, денсаулық, саулық, құрмет сияқты категориялармен байланысты. Жоғары сапалы білімге тек білім беру мен тәрбие бағдарламаларын қолданып қана қол жеткізуге болады және оны жоспарлауда олардың психологиялық адекваттылығы ескерілді;

- кәсіптік бағдар мен бейімделудің, кәсіптік мансапты таңдау мен жүзеге асыруда психологиялық қолдау көрсетудің рөлі артуда.

2.3.3.3 Бұл қызмет студенттер субмәдениетінде тұлғааралық қарым-қатынастың психологиялық проблемаларына ұшыраған студенттерге көмек көрсете алады.

2.3.3.4 Психологиялық қызметтен басқа Университет жағдайында «Маман» клубын құрған жөн. Бұл бөлімдердегі сабақтардың бағдарламасы студент жастардың кәсіптік мансабын жоспарлау мәселелеріне қатысты сұраныстарына орай жоспарлануы және бейімделуі керек. Сабақтардың көп тараған түрлері: ағартушылық лекциялары, кәсіби шеберлік конкурстары. Кәсіптік этика, кәсіптік мансап, студенттердің еңбек биржасының маңызын арттыру жөніндегі семинарларға баса назар аудару керек.

2.3.3.5 Студенттермен жүргізілетін жұмыс тиімділігінің қажетті шарты – студенттердің әлеуметтік функцияларды орындауға деген даярлығы саласында студент жастардың мүдделерін, сұраныстары мен проблемаларын мақсатты түрде зерделеу; студенттердің ақпараттандырылуы жөніндегі жұмысты ұйымдастыру. Бұл жұмыста басты назар Университет студенттерінің арасында жоғарыда аталған әлеуметтік білім мен іскерліктерді қалыптастыру жөніндегі клубтар мен орталықтардың жұмысымен, олардың бағдарламаларымен таныстыратын ақпараттық кампания өткізуге аударылуы тиіс. Кампания студенттердің осы мәселе бойынша сұраныстары мен қажеттіліктерін анықтайтын қызмет пен көрнекі жарнаманы да қамтуы тиіс.

- *Көрнекі жарнама.* Университет стенділері мен көзге көрінетін жерлерде оқу орнында жұмыс істейтін бөлімшелер, үйірмелер, орталықтар, сондай-ақ алда өткізілетін, студенттердің әлеуметтік біліктілігін қалыптастыруға бағытталған шаралар туралы ақпарат берілген жарнама плакаттары ілінуі керек.

- *Студенттердің сұранысын анықтау.* Студент жастардың әлеуметтік рөлдерді жемісті орындау үшін қажет ақпаратқа деген сұраныстарын анықтау үшін Университеттің тәрбие жұмысы әлеуметтік біліктілікті қалыптастыру бойынша тәрбие жұмысына түзету енгізу мақсатында



аталған мәселе бойынша жастардың сұранысын анықтау саласында сауалнама жүргізуге бағытталуы керек. Сонымен қатар бұл жұмысты жоғарғы курстың студент-әлеуметтанушылары оқытушылардың және оқудан тыс тәрбие ұйымдары өкілдерінің басшылығымен жүзеге асыра алады.

2.3.3.6 Студенттермен жүргізілетін сабақтан тыс жұмыс студент жастарды университетті бітірген соң әлеуметтік негізгі рөлдерін атқаруға барынша толық даярлайтындай формаларды ескеріп құрылуы тиіс. Университет білім, ғылым мен мәдениетті біріктіретін және жастардың қызығушылығы мен сұранысына толық жауап беретін жан-жақты оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастырған жағдайда ғана, толыққұнды мамандар мен кәсіби біліктілікті әлеуметтік жоғары сапамен қатар алып жүретін азаматтарды, саналы, мақсаткер, сенімді адамдарды даярлай алады.

2.3.4 Рухани-адамгершілік тәрбиесі. Тұлғаны рухани-адамгершілік тұрғысынан тәрбиелеу, оның қоғамда өмір сүруге бейімділігінің басты шарттарының бірі. Рухани-адамгершілік тұрғыдан тәрбиелеудің өзекті бағыты теологтармен, философтармен, конфессия өкілдерімен «Дін экстремизмге қарсы», т.б. тақырыптарда конференциялар өткізу арқылы студенттерде деструкциялы діни идеологияға деген «иммунитетті» қалыптастыру, студенттер арасында діни экстремизмнің алдын алу. Студентте діндерге және дін өкілдеріне деген сыйластықты, толерантты қарым-қатынасты қалыптастыру, ұлттық және діни үстемдікті насихаттауға немесе уағыздауға жол бермеу.

2.3.5 Құқықтық тәрбие. Құқықтық тәрбие – студенттер арасында құқықтық мәдениетті қалыптастыру және дамыту мақсатында жастарға дәйекті түрде, жүйелі тәрбие беру. Университет студенттерін құқықтық тәрбиелеудің міндеттері:

- жастарға құқықтық ақпарат беру; заңдар мен құқық қолдану практикасының, құқықтық және адамгершілік міндеттерінің, шешім қабылдау мен өз әрекеттері үшін жеке жауапкершілігінің маңыздылығына деген сенімді қалыптастыру; заңға сәйкес тәртіп стереотиптерін дамыту; қоғамда құқықтық қатынастардың принциптері мен ерекшеліктерін меңгеру;

- құқықтық тәртіпті қорғауға және құқықбұзушылыққа қарсы тұруға белсенді араласуға даярлығын қалыптастыру; құқық тақырыбында лекциялар мен сұхбаттар ұйымдастыру арқылы студенттерді құқықтық тәрбиелеу жүйесін құру;

- құқық қорғау органдарының қызметкерлерімен кездесу өткізу;

- тақырыптық кештер, конкурстар, олимпиадалар; оқытушылардың, заңгерлердің, полиция, прокуратура қызметкерлерінің, студенттердің ата-аналарының қатысуымен құқықтық тәрбие проблемасын талқылау мен шешудің қоғамдық формаларын ұйымдастыру;

- студенттің заңды сыйлайтын, оның ішінде Университет пен жақын маңдағы шағын аудан аумағында жүріп-тұру тәртібін сақтайтын мінез-құлық моделін әзірлеу;

- студенттердің антиәлеуметтік мінез-құлқына қарсы алдын алу жұмыстарын жүзеге асыру: Білім алушылардың ішкі тәртіп ережесін бұзу; күзет қызметкерлеріне, шаруашылық қызметінің қызметкерлеріне дөрекілік, әдепсіздік таныту; жатақханаларда, оқу корпустарында ұрлық жасау; вандализм; өрт қауіпсіздігі ережесін бұзу; спиртті ішімдіктерді пайдалану; нашақорлық;

- Тәртіпті кеңестің өнімді жұмыс істеуі.

2.3.5.1 Құқықтық тәрбиедегі басым бағыт – оқытушы-профессорлар құрамы мен студенттердің арасында жемқорлық элементтерінің алдын алу жұмыстарын жандандыру.

2.3.6 Дене тәрбиесі. Университет «Жас ұрпақтың саламатты өмір салты – бұл мықты, жігерлі және әдемі ел. Студент денсаулығының мықты болуы – оқудағы жетістіктерінің кепілі» принципі басшылыққа алады.

2.3.6.1 Университеттің денешынықтырумен айналысу бағыты мыналарға қол жеткізуге ұмтылады:

- студенттердің денсаулығының мықты болуына, сау болуына, қоғамда белгілі бір орынды иемденуге деген талпынысын жандандыруға жәрдемдесу;

- күнделікті денешынықтыру мен қозғалысты жастар өмірінің ажырамас бөлігіне айналдыру, тек спорттағы жетістіктерін ғана емес, денешынықтыру-сауықтыру саласындағы жетістіктерін де бағалау керек;



- денешынықтырудың және спортпен айналысудың саламатты өмір салтын қалыптастырудың құрамдас бөлігі екендігін тиімді насихаттау: әлеуметтік жарнама, сайыстар, спорттық мерекелер туралы хабардар ету, Ғаламтордағы ақпараттық бағдарламалар, т.б.;

- саламатты өмір салтының, спортпен тұрақты түрде айналысудың, қажырлы еңбек етудің, қатаң тәртіптің, арманын жүзеге асыру үшін, жетістікке қол жеткізу үшін тәртіпке бағынудың арқасында жоғарғы жетістіктерге қол жеткізген спортшыларды саламатты өмір салтын насихаттауға тарту.

2.3.6.2 Университет студенттері денешынықтырумен және спортпен белсенді түрде айналысуы керек.

2.3.7 Мәдени-көпшілік бағыт. Полимәдениетті тұлғаны тәрбиелеу. Проблеманың өзектілігі сол, студенттердің тілдік мәдениеті төмен. Көптеген студенттердің коммуникативтік құзыреті студенттердің субмәдениетінде өнімді қарым-қатынас жасау үшін жеткіліксіз болып жатады. Көптілді тұлғаны қалыптастыру қажеттілігі Университетке ана тілінде, мемлекеттік және шет тілдерінде қарым-қатынас жасауға қабілетті азаматтарды даярлау міндетін жүктейді. Полимәдениетті тұлғаны тәрбиелеу оқу процесінде, сондай-ақ оқудан тыс кезеңде де жүзеге асырылады: мемлекеттік тілді дамыту және қолдау жөніндегі шаралар, конференция, фестивальдер; шет тілінде білім алатын студенттердің таңдаулы топтарын құру, полимәдени тәрбие саласында тәжірибесі бар Университеттермен ынтымақтастық орнату, бірлесіп акциялар және т.б. өткізу. Ана тілін, мемлекеттік тілді білу, шет тілін оқып-үйрену тұлғаның ой-өрісін кеңейтеді, жан-жақты дамуына жәрдемдеседі. Тәрбие процесіндегі этникалылық Қазақстанда тұратын түрлі ұлт өкілдерінің дәстүріне, тіліне құрметпен, ұқыптылықпен қарауды, рәміздерді құрметтеуді, этникалық мәдениетті сақтауды талап етеді.

2.3.7.1 Мәдени-көпшілік бағыттың міндеттері:

- Университет жастардың примитивті қажеттіліктерін қанағаттандыруға шамаланған жалпы мәдениетке терең, іргелі әлеуметтік-мәдени дәстүрлерге негізделген жоғары мәдениетті қарсы қоюды міндеттерінің бірі деп есептейді. Бұл мәселені жүзеге асыру үшін аталған өнер түрлерінің өкілдерін шақырып әдеби (поэтикалық) кештер өткізу, көрмелер мен мұражайларға, театр мен кинотеатрларға бару керек.

- Студенттердің мінез-құлқының жоғары мәдениетін қалыптастыру да маңызды міндеттердің бірі (көпшілік алдында сөйлеу мәдениеті, дөрекі сөздерді қолданбай тұрмыстық коммуникация мәдениеті; оқытушылардың, қызметкерлердің және студенттердің қарым-қатынас мәдениеті; сыртта, оқу корпустарында, жатақханаларда жүріп-тұру мәдениеті; университетте, факультетте өткізілетін шараларда өзін өзі ұстау мәдениеті).

2.3.7.2 Университеттің адамгершілік тұрғысынан кемелденген түлегі келесі принциптерді басшылыққа алуы керек:

- адамның адамгершілік абыройы, намысы, арының таза болуы;
- әділетсіздікті, жалғандықты қабылдамау;
- ерлік, ержүректік, тұрақтылық пен разылық;
- басқа ұлт, дін өкілдеріне құрметпен қарау, олардың мәртебесін мойындау;
- адамдарға қызмет ету, нақты бір жандарға қамқорлық көрсету;
- болашаққа нық сеніммен қарау, жетістікке жетуге ұмтылу.

2.4 Маман тұлғасының моделі

2.4.1 Студенттерді тәрбиелеу тұжырымдамасы денсаулық сақтау саласында жоғары білімді маман тұлғасының жобалық моделін құруды жоспарлайды. Оны жүзеге асырудың түпкі мақсаты – Университеттегі тәрбие жұмысының барлық жүйесін осы іске жұмылдыру. Жас маманның бойынан келесі тұлғалық және азаматтық қасиеттер табылуы керек:

- Кәсіби шеберлік;
- Құқықтық сауаттылық;
- Әлеуметтік біліктілік;



- Психологиялық тұрақтылық;
- Азаматтық жауапкершілік;
- Патриотизм;
- Шешім қабылдауда дербестік;
- Үш тілді меңгеру – мемлекеттік, орыс және ағылшын.

2.5 Тәрбие жұмысының міндеттерін жүзеге асыру шарттары

2.5.1 Оқу процесінің тәрбие әлеуетін қолдану. Университетте тәрбие жұмысының негізгі бөлігі оқу процесі арқылы жүзеге асырылады. Тәрбие жұмысын сабақтан бөлек қарауға болмайды және әр пәнмен табиғи байланысты. «Пән арқылы» тәрбиелеу тұрақты, жүйелі және ғылыми негізделген. Кафедра – тәрбие процесін сабақ беру барысында жүзеге асыратын тікелей ұйымдастырушы және басты құрылымдық бөлім. Оқу процесінде кәсіптік тәрбие берудің міндеті: болашақ мамандардың кәсіби қасиеттерін қалыптастыру, студенттерге өзіндік жұмыстарын тиімді орындау үшін жағдай жасау, ғылыми және кәсіби қызығушылықтарын ынталандыру. Тәрбие процесіндегі басты рөл оқытушы-профессорлар құрамына жүктеледі. Қызметтің кәсіптік аясының моральдік-этикалық, әлеуметтік-психологиялық және кәсіптік қасиеттерін, әлеуметтік және кәсіптік біліктілікті, тәртіптілік, ұйымшылдық, бәсекеге қабілеттілік қасиеттерін тәрбиелеуде маңызы зор.

2.5.1.1 Кәсіби-қызметтік жұмысты жетілдіру:

- Университеттің студенттер ұжымының басқа ЖОО-лармен, колледждермен, шығармашылық одақтармен, қалалық және облыстық қайырымдылық ұйымдарымен ынтымақтастығын кеңейтуді;

- жетімдерге, мүгедектерге, әлеуметтік қорғансыз азаматтарға көмек көрсетуге арналған қайырымдылық шараларын өткізуді және оған қатысуды;

- тұлға мен ұжымға әсер ету (өзара әрекет ету) тәсілдерін, әдістерін, құралдарын, формаларын; педагогикалық аспаптарды дұрыс таңдау мен сауатты қолдануды;

- студенттерге практикалық басқару машықтарын сіңіру жүйесін жетілдіруді;

- қызметін дұрыс ұйымдастырылған демалыспен, бос уақытымен жүйелі үйлестіре білуді талап етеді.

2.5.1.2 Басты міндеттердің бірі – тұлғаның дамуы үшін қолайлы атмосфера мен психологиялық климат жасауға жәрдемдесу. Университетте күнделікті өмірдің жарқын, эмоционалды болуы, қорғалғандықты сезу, достық, оптимизм, әрбір жанның оқу нәтижесіне деген ортақ мүддесі, өзара көмек көрсету – тәрбиенің маңызды факторлары. Шығармашылық топтардың, жеке орындаушылардың, спорттық жарыстарда құрама командалардың жеңістерін – Университеттің жеңісі ретінде қарау керек.

2.5.1.3 Философия ғылымы оқыту барысында студенттерге тұрмыс пен адамзат күнкөрісінің негіздері туралы мәлімет беруі және осы арқылы өмірдің мәні туралы сұрақтар құрастыру процесіне жәрдемдесуі керек. Тарихи пәндердің мықты эмоционалды және адамгершілік зарядын студенттің тұлға ретіндегі жоғары моральдық қасиеттерін тәрбиелеу, азаматтық және патриоттық сезімдерін дамыту; тарихи даму жолымыздың күрделілігіне ғана емес, Қазақстанның мәдени, саяси, әлеуметтік өмірінде болған позитивті тәжірибеге де назар аудару арқылы студенттерде еліміздің тарихи даму барысы туралы объективті көзқарас қалыптастыруда пайдалану керек.

2.5.1.4 Дене тәрбиесі студенттерді тәрбиелеу жұмысын активтендірудің негізгі құралы және ол:

- физикалық және рухани күшін жан-жақты дамыту, болашақ мамандардың жұмысқа қабілеттілігін, шығармашылық белсенділігін және өмір сүру ұзақтығын арттыруға;

- студенттердің денешынықтыру мен спорт туралы білімдерін жетілдіруге;

- моральдық-жігерлілік қасиеттерін тәрбиелеу, студент жастарды жаппай спорттық жұмыстарға тартуға;

- денешынықтыру мен спортты студенттердің күнделікті тұрмысына енгізуге, сауықтыру жұмыстарын жүргізуге және санитариялық-гигиеналық білімді насихаттауға бағытталуы тиіс.



Денешынықтыру мен спортты өмір сүруге қабілетті және әлеуметтік белсенді мамандарды даярлау үшін қолдану керек; студенттерге денешынықтырудың мобилизациялық құндылықтарын меңгеруге көмектесу: өз уақытын ұйымдастыру, ішкі тәртіп, жағдаятты жылдам бағалау және шешім қабылдау, алға қойған мақсатқа жетуде табандылық.

2.5.2 Оқудан тыс қызметтің тәрбиелік әлеуетін пайдалану.

2.5.2.1 Студенттермен сабақтан тыс жүргізілетін жұмыс – тәрбиелік мүмкіншілігі жоғары мамандарды сапалы даярлау процесінің ажырамас бөлігі. Ол ұйымдастыру мен басқарудың жаңа деңгейіне ауыстырылуы, студенттердің басым бөлігіне әсер етуі тиіс.

2.5.2.2 Студенттермен сабақтан тыс уақытта жүргізілетін жұмыстың негізгі бағыттары:

- мәдени-көпшілік шаралар өткізу;
- Кураторлар кеңесін жетілдіру;
- студенттердің қызығушылығы бойынша шығармашылық бірлестіктер («Ару» қыздар лигасы, «Акцент» КТК құрама командасы, студенттердің спорт клубы, Волонтерлік қозғалыс) құру және жұмысын ұйымдастыру;
- «Алло, біз таланттарды іздейміз» конкурсын өткізу;
- студенттер арасында тәртіп бұзушылықтың алдын алу (тәртіптік кеңес);
- студенттерге психологиялық қолдау, консультациялық көмек ұйымдастыру, сенім жәшігі мен сенім телефонының тұрақты жұмыс істеуін қамтамасыз ету;
- Университеттің студенттік өзін-өзі басқару жұмысына жәрдемдесу;
- жатақханаларда жұмыс істейтін студенттермен жұмыс жүргізу (Студенттар қалашығы, жатақхананың студенттер кеңесі);

2.5.3 Студенттік өзін-өзі басқарудың тәрбиелік әлеуетін қолдану.

2.5.3.1 Жастардың қоғамдық белсенділігін дамыту, студенттік өзін-өзі басқару жүйесін құру – мамандарды сапалы даярлаудың маңызды құралдарының бірі. Өзін-өзі басқару жүйесін жетілдіру керек: Университеттің студенттік өзін-өзі басқару жүйесін, жатақхананың студенттер кеңесін және Оқу топтары старосталарының институты, Студенттердің ғылыми қоғамы, спорт бірлестіктері.

2.5.3.2 Студенттік өзін-өзі басқару органдарының негізгі міндеттері:

- бәсекеге қабілетті маманды даярлауға жәрдемдесу;
- студенттердің оқуға, өз тобына, курсқа, факультетке деген жауапкершілігінің артуына жәрдемдесу;
- үлгерімі озық студенттерге қолдау көрсету, жақсы оқитын, ғылыми жұмыспен айналысуға әлеуетті мүмкіндігі бар, сондай-ақ үлгерімі нашар, сабақтан көп қалатын, академиялық қарыздары көп, Университеттен шығарылуы мүмкін студенттермен жүргізілетін жеке жұмысты жандандыру;
- студенттер арасында ғылыми-зерттеу жұмыстарын жандандыру;
- қазіргі таңдағы маңызды мәселелер бойынша маңызды ой қозғауға дайын студенттерге ұжымдық шығармашылық үшін жағдай жасау;
- деканаттардың оқу процесін жетілдіру, студенттерді оқудағы жетістіктері, ғылыми, қоғамдық жұмыстарға белсене араласқаны үшін көтермелеу жөніндегі ұсыныстарын тұрақты түрде даярлау;
- студенттердің мүдделерін :
- деканаттарда (факультет кеңесінде);
- ғылыми кеңесте;
- оқу-әдістемелік кеңесте;
- қамқоршылық кеңесте қолдау.
- студенттердің әлеуметтік-тұрмыстық мәселелерін шешуге қатысу;
- студенттерді Университеттің материалдық құндылықтарына, жабдықтары мен жиһаздарына ұқыптылықпен қарауға дағдыландыру;
- студенттерді өзін-өзі ұстау, студенттер ортасында тәртіпті ұстану мәдениетіне үйрету;
- темекі мен нашасыз саламатты өмір салтына машықтандыру;
- студенттердің бос уақытын ұйымдастыру;



- жатақханаларда өзін-өзі басқару органдарының жұмысын тиімді ұйымдастыру;
- студенттерге Университет үшін және болашақ мамандардың практикада қолдануы үшін қоғамдық өмірге, студенттік өзін-өзі басқару жүйесіне қатысудың маңыздылығын түсіндіру.

2.5.3.3 Студенттік өзін-өзі басқару ұйымдастыру-басқару іскерлігін, шағын топта жұмыс істеу машықтарын меңгеруге жәрдемдесуі керек. Студент Университет қабірғасында оқыған жылдары өзара көмек, өзара түсіністік, жауапкершілік, шыдамдылық пен сыйластыққа негізделген қарым-қатынастың түрлі тәжірибесін меңгеруге тиіс.

2.5.3.4 Университетке қабылданғаннан кейін қоғамдық жұмысқа тарту мақсатында талапкерлердің жеке психологиялық ерекшеліктерін, құндылықтарын, ұйымдастырушылық, шығармашылық қабілеттерін зерделеу керек.

2.6 Тұжырымдаманың даму перспективалары

2.6.1 Университет әнұранын жазу.

2.6.2 Көрнекі ақпаратты күшейту (студенттердің үлгерім тақтасы «Үздік студенттер», «Университет мақтаныштары»).

2.6.3 Университет сайтында студенттер мен оқытушылар үшін интерактивті форум ашу. Блог құру.

2.6.4 Қызығушылықтары бойынша клубтар құру («Маман» клубы, оның жұмысы кәсіптік мансабын жоспарлау мәселесінде студент жастардың сұраныстарына жоспарланған және бағдарланған болуы керек, патриоттық рухты насихаттау және мемлекеттік тілді дамыту жөніндегі клуб, музыкалық және хореографиялық топ).

2.6.5 Қолданыстағы заңнамаға сәйкес факультативтер құру.

2.6.6 Еріктілер қозғалысының жұмысын жетілдіру. Қалалық және республикалық деңгейде әлеуметтік маңызды шаралар өткізуді ұйымдастыру жөніндегі қызметтермен және әлеуметтік орталықтармен ынтымақтастық орнату.

3 ҚАЙТА ҚАРАУ, ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗУ, САҚТАУ ЖӘНЕ ТАРАТУ

3.1 Тұжырымдаманы қайта қарау, өзгерістер енгізу, сақтау және тарату Университеттің «Құжаттамаларды басқару» стандартының (БС-АстМУ-02) талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

3.2 Тұжырымдаманың түпнұсқасы сапа менеджменті және стратегиялық жоспарлау бөлімінде тіркеледі және сақталады.

3.3 Осы Тұжырымдаманың сканерленген нұсқасы Университеттің серверлік компьютерінде, яғни көпшілікке қолжетімді папкада орналастырылады.

3.4 Осы тұжырымдаманың есепке алынған көшірмелері келесі құрылымдық бөлімшелерге таратылады:

- Тәрбие ісі және қоғаммен байланыс қызметі жөніндегі проректорға;
- Жастар ісі жөніндегі деканатқа;
- Факультет декандарына;
- Топ кураторларына.



Келісу парағы

№ р/с	лауазымы	аты-жөні	Келісу парағына қол қойған күн	қолы
1	Білім беру қызметі жөніндегі проректор	Г.А.Жаксылықова		
2	Әкімшілік және экономикалық қызметтер жөніндегі проректор	М.О. Нұржаубай		
3	Ғылыми және клиникалық қызметтер жөніндегі проректор	Ф.А. Галицкий		
4	Тәрбие ісі және қоғаммен байланыс қызметі жөніндегі проректор	Г.З. Хайрли		
5	Кадр жұмысы және құқықтық қамтамасыз ету басқармасының бастығы	Б.А.Сыздықов		
6	Сапа менеджменті және стратегиялық жоспарлау бөлімінің бастығы	З.С.Жұмашева		
7	Заң бөлімінің бастығы	О.С.Устинович		
8	Жастар ісі жөніндегі декан	А.Д. Бегайдаров		



Утверждена решением
Правления АО «Медицинский уни-
верситет Астана»
№ ____ от «__» _____ 2012г.

К О Н Ц Е П Ц И Я

ИНТЕГРИРОВАННАЯ СИСТЕМА МЕНЕДЖМЕНТА

**КОНЦЕПЦИЯ ВОСПИТАТЕЛЬНОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ
АО «МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ АСТАНА»**

КЦ-МУА-01-12

г.Астана



Содержание

1	Общие положения	3
2	Основная часть	3
2.1	Цели и задачи воспитательной работы	3
2.2	Принципы воспитательной работы	3
2.3	Основные направления воспитательной работы	4
2.4	Модель личности специалиста	8
2.5	Условия реализации задач воспитательной работы	8
2.6	Перспективы развития Концепции	10
3	Пересмотр, внесение изменений, хранение и рассылка	10
	Лист согласования	12
	Лист регистраций изменений	13
	Лист ознакомления	14



1 ОБЩИЕ ПОЛОЖЕНИЯ

1.1 Настоящая Концепция воспитательной деятельности ориентирована на активное участие вуза в процессе становления личности студента АО «Медицинский университет Астана» (далее – Университет).

1.2 Концепция воспитательной деятельности разработана на основании Законов Республики Казахстан: «Об образовании», «О государственной молодежной политике в Республике Казахстан», «О государственных символах Республики Казахстан», «О языках в Республике Казахстан» и других нормативных документов.

1.3 В Концепции раскрываются проблемы комплексного подхода к воспитательной работе со студентами, определяются основные цели, задачи, принципы и направления воспитательной деятельности, пути совершенствования этой работы и основные мероприятия по осуществлению воспитательного процесса на весь период обучения студентов.

1.4 Концепция Университета ставит задачу подготовки не только специалистов, востребованных на рынке труда, профессионалов своего дела, но и личности с высокими моральными принципами, культурной, политически-грамотной, духовно-нравственной элиты Казахстана.

1.5 Университет помогает реализовать лучшие качества студента: стремление занять достойное место в обществе, упорство в достижении цели, желания действовать.

1.6 Концепция утверждается решением Правления Университета.

2 ОСНОВНАЯ ЧАСТЬ

2.1 Цель и задачи Концепции

2.1.1 Цель: создать условия для формирования профессиональной и социальной компетентности, активной гражданской позиции студентов, способствовать воспитанию личностных качеств будущих врачей, готовых в новых социально-экономических условиях вносить свой вклад в развитие и укрепление Отечества.

2.1.2 Достижение поставленной цели возможно при условии успешного решения следующих задач:

- привлечение студентов к активной гражданской и политической жизни;
- формирование личностных качеств высокопрофессионального специалиста в области здравоохранения;
- развитие мобильности, конкурентоспособности, позитивных ценностей ориентации, творческой активности;
